

"ҚазАвтоКөлік" акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 11 сәуірдегі № 339 қаулысы

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. «ҚазАвтоКөлік» акционерлік қоғамы таратылсын.
2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация, Қаржы министрліктері осы қаулыны орындау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ш а р л а р д ы қ а б ы л д а с ы н .
3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.
4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

1 1

с ә у і р д е г і

№

3 3 9

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. «Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі № 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1999 ж., № 13, 124-құжат): көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

«Астана қаласы» деген бөлімде реттік нөмірі 21-45-жол алынып тасталсын.

2. «Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында: көрсетілген қаулымен бекітілген иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік

ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

«Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне» деген бөлімде реттік нөмірі 160-18-жол алынып тасталсын.

3. «Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерінің тізбесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 24 қазандағы № 1587 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2000 ж., № 43, 513-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген 2006 жылға дейін акциялардың мемлекеттік пакеттері жекешелендіруге, оның ішінде жекешелендірудің алдын ала сатыларына жатпайтын акционерлік қоғамдардың тізбесінде реттік нөмірі 43-жол алынып т а с т а л с ы н .

4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 995 қаулысымен.

5. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 683 қаулысымен.